Астана қаласы ішкі саясат басқарамасы

BasQary қоғамдық қоры
БСН: 170440004006
Астана қ, Айтматов 31
тел : 87776297529

83064745 -ГСЗ1 лоты бойынша
өтінім нәтижелеріне қатысты шағым

Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы тарапынан жарияланған **83064745-ГСЗ1** лоты бойынша конкурстық өтінімдерді бағалау нәтижелерімен таныса отырып, «BasQary» қоғамдық қоры келесі мәселелер бойынша келіспейтіндігін білдіреді

Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі өлшемі бойынша «Конкурстық құжаттаманың 18-тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімде мыналар қамтылуы тиіс: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама. Егер заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгілік жарғы негізінде қызметін жүзеге асырса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініш, құрылтай құжаты (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер көрсетілмесе), құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құжат не акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді ұсынылуы тиіс. Аталған құжаттар Әлеуетті өнім берушінің өтінімінде жоқ» деген баға берілген.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында куәлік немесе анықтама ұсыну талабы көрсетілмеген. Сондықтан «Конкурсттық құжаттаманың 18-тармағы» деген нормасын нақтылауды қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, Ішкі саясат басқармасы өткізген:

- №83064809-ГСЗ1 «Есірткіге қарсы күрес және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін жүргізу»,
- №83064755-ГСЗ1 «Елордада тұрғындардың бастамашыл топтарын қолдау бойынша іс-шаралар кешенін өткізу»
- 83064774-ГСЗ2 Ұрпақтар арасындағы сабақтасты дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастыру

атты конкурстарында BasQary қоғамдық қоры тарапынан жоғарыда аталған «куәлік немесе анықтама» құжаты ұсынылмағанын атап өтеміз.

Осыған байланысты:

1. Конкурстық құжаттаманың 18-тармағына құқықтық түсіндірме беруді;
2. Аталған талаптың барлық қатысушыларға және 2026 жылғы барлық конкурстқа қатысушы барлық ұйымдардың құжаттарында тең дәрежеде қолданылу мәселесін қарастыруды;
3. Жоғарыда көрсетілген конкурстар бойынша заңдылықтың сақталуына тексеріс жүргізуді сұраймыз.

Аталған мәселелер бойынша тиісті шаралар қабылданбаған жағдайда, өз құқықтарымызды қорғау мақсатында сот және қаржылық мониторинг органдарына жүгінетінімізді ескертеміз.

BasQary қоғамдық қоры **М. Ермағанбетұлы**

17.04. 2026 ж.